КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

29 қаңтар 2024 жылғы 6309-23-00-2/2968 іс Өскемен қаласы

Шығыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ибраева Н.Е.,
хатшылықта сот отырысының хатшысы Бабаш Ф. қатысуымен
ашық сот отырысында талап бойынша азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«РУ-Тайерс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Хажмуханов А.
талап қоюшы өкілі Сағынтай Т.А.
жауапкер өкілі Сағал А.Ә.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

14 ақпан 2023 жылы «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен «РУ-Тайерс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің арасында №307 мемлекетік сатып-алу шарты жасалған. Шарттың жалпы сомасы 43 086 400 теңгені құрады.

Шарттың негізі бойынша жауапкер тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 16 күнтізбелік күн ішінде тауар (Арнайыланған кассета, D-Глюкоза, Метионин) жеткізуге міндеттенді.

13 қыркүйекте талап қоюшы жауапкерге сатып алу порталында 5 877 760 теңгеге метианин тауарын жеткізуге тапсырыс береді.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Талап қоюшы тауардың 29 қыркүйекке дейін жеткізілмегеніне байланысты, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы және 141 066 тенгені тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арызымен сотқа жүгінді.

Жауапкер талап арызға қарсы пікір жолдап, оны негізсіз, әрі қанағаттандыруға жатпайды деп санады. Аталған келісім шарт бойынша бүкіл әлемде жалғыз ғана Германия мемлекетінде өндірілетін «Набор реактивов и расходных материалов на 1 (один) синтез метионина для модуля GE TRACER lab FX C Pro комплект расходных материалов на синтез 11C-MET (ЦПК)» деген арнайы медициналық тауарды алып келуге бар жоғы 16 күн берілгенін, және «ABX advanced biochemical compounds» шетел компаниясында жоғарыда аталған тауарды өндіру үшін, тиісті компоненттердің болмауына байланысты, жауапкер шарт бойынша көрсетілген 16 күн ішінде міндеттемелерін орындай алмағанын және өзінің тарапынан барлық шараларды қолданып, казіргі таңда аталған тауарды өндіріп, оны талап қоюшыға жеткізіп беруге шетел компаниясымен келісімге келгенін, осы келісім шартты орындау мақсатында, барлық тиісті шараларды қабылдағанын көрсетті.

Талап қоюшы өкілі Сағынтай Т.А. талап арызды толығымен қолдады. Тауардың қажет екенін, ол прибормен онко ауруын емдеуде қолданылатын, сол себепті жағымсыз салдарлардың барын сотқа түсіндірді.

Жауапкер өкілі Сағал А.Ә. сот мәжілісінде дауды алдын ала сотқа дейін реттеу тәртібін сақтауы жөнінде талапкер тарапынан ешқандай дәлел ұсынылмағанын, тиісті хабарлама жауапкерге келмегенін, талап қоюшы ондай тапсырыс берушіге нақты туындаған жағымсыз салдар жөнінде қандай да болмасын дәлелдемелерді келтірмегенін сотқа түсіндірді. Талапты қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Прокурор талап арызды толығымен қанағаттандыруды сұрады.

Шығыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының ұйғарымымен талап қоюшының тұрақсыздық айыбы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (АПК) -279 бабының 1 тармағы негізінде қарауыз қалдырылған.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талабы бойынша

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодекстің (бұдан әрі-АҚ) 272 бабына сәйкес, міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

АК-ң 349 бабына сәйкес мідеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Құжатқа қол қойылған: Ибраева Н. Е., 03.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 09.04.2024, судья Ибраева Н. Е., 18.04.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңның 12 бабының 4 тармағының 5 тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 Нормативтік Қаулысының 8-тармағына сәйкес /әрі қарай - НҚ/ - мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн.

Істі қарау барысында өнім берушінің шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерін бұзуы талап қоюға негіз болғаны анықталды. АК 359 бабының 2 тармағына сай, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған кезде міндеттемені орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған адам, егер бой бермейтін күштің, яғни осы жағдайлар кезіндегі төтенше және тойтаруға болмайтын мән-жайлардың (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары, төтенше жағдай және т.б.) салдарынан тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмағандығын дәлелдей алмаса, мүліктік жауаптылықты көтереді.

Ондай мән-жайларға, атап айтқанда, міндеттемені орындау үшін қажетті тауарлардың, жұмыстардың немесе қызмет көрсетудің рынокта болмауы жатпайды.

Занның көрсетілген нормасы шарт жасасу кезінде, өнім берушінің қоймасында тауардың болуын білдіреді, алайда іс бойынша мұндай дәлелдер табылған жоқ. Жауапкердің контрагенттермен проблемалары туралы дәлелдерін, заң шығарушы жеткізушінің кәсіпкерлік тәуекелімен байланыстырады (АК 10 бабы.).

Осы себептерге байланысты, жауапкердің уәждері негізсіз деп танылды. Сот тапсырыс берушінің шарт жасасу кезіндегі күткен тауарыын алмағанын, сондықтан ол үшін жағымсыз салдарлардың орын алғанын ескереді, себебі ол құрылғы онкологиямен ауыратын науқастарды емдеуде қоданылады.

Жоғарыда айтылғандар, өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға мүмкіндік беретін, бір мезгілде екі фактор

Құжатқа қол қойылған: Ибраева Н. Е., 03.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 09.04.2024, судья Ибраева Н. Е., 18.04.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

– өнім берушінің кінәсі және тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдарлардың туындауынан көрінетін белгілердің заңда көзделген жиынтығы бар дегенді білдіреді. Мұндай жағдайларда өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатусышысы деп тану туралы талап орынды және қанағаттандырылуға жатады.

АПК-нің 117 бабы бойынша жауапкерден мемлекет пайдасына мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «РУ-Тайерс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «РУ-Тайерс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «РУ-Тайерс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақтар және (немесе) прокурор шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, Шығыс қазақстан облысының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шығыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым беруге, өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья: **Ибраева Н.Е.**

Құжатқа қол қойылған: Ибраева Н. Е., 03.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 09.04.2024, судья Ибраева Н. Е., 18.04.2024